

Техникалық флот кемелерін жаңарту жөніндегі қағиданы бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің м. а. 2011 жылғы 30 мамырдағы № 325 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2011 жылы 27 маусымда № 7039 тіркелді

"Ішкі су көлігі туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 6 шілдедегі Занының 9-бабы 1-тармағының 21) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Техникалық флот кемелерін жаңарту жөніндегі қағида б е к і т і л с і н .

2. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің Көлік және қатынас жолдары комитеті (Н.И. Қилыбай) белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне осы бұйрықты мемлекеттік тіркеу үшін ұсынуды қ а м т а м а с ы з е т с і н .

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация вице-министрі Е.С. Дүйсенбаевқа жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

М и н и с т р д і ң

міндетін атқарушы

А. Бектұров

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

К ө л і к

ж ә н е

к о м м у н и к а ц и я

м и н и с т р і н і ң

2 0 1 1

ж ы л ғ ы

3 0

м а м ы р д а ғ ы

№ 325 бұйрығымен бекітілген

Техникалық флот кемелерін жаңарту жөніндегі қағида

1. Жалпы ережелер

1. Осы Техникалық флот кемелерін жаңарту жөніндегі қағида (бұдан әрі – Қағида) құжаттарды келісу және ресімдеу процедураларының, сондай-ақ жаңартуға мәлімделген таңдап алынған жаңарту деңгейіне сәйкес кемелердің корпусын, оның техникалық құралдарын, технологиялық және электр жабдығын жаңарту кезінде жұмыс көлемінің тәртібін белгілейді.

2. Осы Қағида мыналарға қолданылады:

1) «Л», «Р», «О» «М», «О-ПР», «М-ПР» және «М-СП» сыныпты техникалық

ететін, кемеңің техникалық жай-күйін куәландыратын, 0 (У0) деңгей;

2) жаңартылған кемеңі кемінде 15 жылға дейін сенімді пайдалануды қамтамасыз ететін, кемеңің техникалық жай-күйін куәландыратын, 1 (У1) деңгей;

3) жаңартылған кемеңі кемінде 10 жылға дейін сенімді пайдалануды қамтамасыз ететін, кемеңің техникалық жай-күйін куәландыратын, 2 (У2) деңгей.

7. Корпустың, кемелік техникалық құралдарының, технологиялық және электр жабдығының 0 деңгейге, 1 деңгейге немесе 2 деңгейге жаңартылған техникалық жай-күйін, жаңа кемеңің 5 жыл, 10 жыл немесе 15 жыл пайдалануынан кейінгі, 25 жыл мерзімге қызмет етуге жобаланған тиісті бөлшектердің техникалық жай-күйін ұқсас болып танылады. Бұл ретте, осы жаңа кемеңің барлық параметрлері (негізгі өлшемдері, түрі, пайдаланылуы, кеме сыныбы, пайдалану ауданы) осындай жаңартылған кемеден ерекшеленбейді. Техникалық флотты жаңарту деңгейі жаңартудан кейінгі оның техникалық жай-күйін және кемеңің жоспарланған пайдалану мерзімін бағалау қорытындылары бойынша тағайындалады.

8. Техникалық флот кемесін жаңарту бойынша іс-шаралар кешені (корпус, кеме техникалық құралдары, технологиялық және электр жабдығы бойынша, бүкіл бөлшектері бойынша жекеше немесе бір мезгілде) мынадай кезеңдерді қамтиды:

1) Кеме қатынасы тіркеліміне, осы Қағиданың 1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша техникалық флоттың кемесін жаңарту ниеті туралы өтінімді жолдау.

Өтінімге қоса беріледі:

элементін жаңарту жоспарланып отырған кемеңің соңғы кезекті куәландыру акті;
жаңарту көзделген кеме элементі көлемінің жобасы;

2) өтінімді қарау, техникалық флот кемесін жаңарту мүмкіндігі туралы бір ай мерзімде жазбаша қорытынды дайындау. Қорытындыда, сондай-ақ Кеме қатынасы тіркелімінің қызметкерлерінің арасында кемеңі жаңартуға техникалық бақылау жөніндегі жұмыстарды бөлу айтылады;

3) тіркелімі қызметкерінің қатысуымен жаңартылатын объектілерге қосымша ақау анықтау жүргізу;

4) Кеме қатынасы тіркелімімен бірге кемеңі немесе оның бөлшектерін (корпустар, кеме техникалық құралдары, технологиялық және электр жабдығы) жаңарту жобасын, осы Қағиданың 2–4 тарауларында (кемеңі және оның бөлшектерін жаңарту жобасын әзірлеу алдында, Кеме қатынасы тіркелімі талаптарына сәйкес, алдын ала оны жасау кезінде жаңартылатын кемеңің конструкциясында іске асырылған техникалық шешімдерге сәйкес болуына талдау жүргізілуі тиіс) баяндалған нұсқауларды ескере отырып, жаңарту жобасын әзірлеу және келісу;

5) Кеме қатынасы тіркелімінің техникалық бақылауымен жаңарту жобасында белгіленген жұмыстарды орындау;

6) Кеме қатынасы тіркелімімен осы Қағиданың 16-тармағында айтылған кемеге құжаттарын ресімдеу және беру.

9. Техникалық флот кемесін немесе оның элементтерін жаңарту жобасы «Ішкі су көлігі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабының 7-тармағына сәйкес Кеме қатынасы тіркелімімен берілген, сәйкестік құжаты бар тұлғамен орындалады.

10. Техникалық флот кемесін немесе оның элементтерін жаңарту жобасын Кеме қатынасы тіркелімінің Қағида талаптарын ескере отырып әзірлеу қажет.

Жоба осымен бір мезгілде осы заманғы кеме жасауда қолданылатын корпус конструкциясы элементтерін жетілдіру әдістерін, техниканың қазіргі заманғы даму деңгейіне сәйкес қазіргі техникалық құралдарды, құрылғыларды, электр, радионавигациялық және әсіресе технологиялық жабдықтарды, автоматтандыру, авариялық-ескерту сигналын беру және қорғау жүйесінің элементтік базасын п а й д а л а н у ғ а б а ғ ы т т а л а д ы .

11. Жаңарту жобасының құжаттамасы, Кеме қатынасы тіркелімі Қағидасының кемені радионавигациялық жабдықпен, экологиялық қауіпсіздік жабдығымен және құтқару құралдарымен жинақтауға қойылатын талаптарын ескере отырып, әзірленеді.

12. Солар бойынша кеме жасалған Кеме қатынасы тіркелімінің Қағидасының белгіленген талаптарынан ауытқулар, жаңарту жобасының құрамында Кеме қатынасы тіркеліміне келісуге ұсынылады.

13. Жаңарту жобасы сол бір жобаның кеме тобына орындауға рұқсат етіледі. Бұл жағдайда, нақты кеме үшін осы Қағиданың 9-тармағында көрсетілген тұлға, осы кемені жаңарту жобасына қосымша оның ерекшелігін ескеріп орындайды.

14. Жаңарту жобасы корпустың, кеме техникалық құралдарының, техникалық және электр жабдығының әр түрлі жаңарту деңгейін көздейді.

15. Жаңарту жобасын келісуді қолдану мерзімі 6 жылды құрайды.

16. Кеме жаңартылғаннан кейін, оған Кеме қатынасы тіркелімінің құжаттары мынадай ережелерді сақтай отырып, беріледі:

1) техникалық флоттың кемесін жаңарту кезінде оның түрі мен мақсаты сақтала отырып (бастапқы көлемде) кезектен тыс куәландыру актісі жасалады. Жүзуге жарамдық туралы куәлікке қажетті өзгерістер енгізіледі және Жаңарту туралы куәліктер корпус а, кемелік техникалық құралдар, технологиялық және электр жабдықтары бойынша осы Қағиданың 2-4-қосымшасына сәйкес бөлек беріледі;

2) техникалық флот кемесін жаңарту кезінде оның түрі мен мақсатын өзгерте отырып, бастапқы куәландыру актісі жасалады, кеме құжаттарының толық жаңа жинағы беріледі, кемеге жаңа тіркеу нөмірі беріледі. Осы Қағиданың 5-қосымшасына сәйкес, кемеге қосымша Жаңарту туралы куәлік беріледі.

17. Технологиялық флоттың корпусын, кемелік техникалық құралдарын және техникалық флоттың машиналық үй-жай жабдықтарын, техникалық флот кемелерінің технологиялық жабдықтарын, технологиялық флот кемелерінің электр және радионавигациялық жабдығын одан әрі сыныптамалық куәландыру мерзімдері кеменің осы элементтеріне Жаңарту туралы куәлік берілген сәттен бастап есептеледі.

2. Техникалық флот корпусын жаңарту тәртібі

18. Қағидада корпустың жалпы беріктігін және сыртқы қаптамасының, төсем және жинақ белдемдерінің жергілікті беріктігін, осы тараудың талаптарымен белгіленген деңгейге дейін, өтінім берілген жаңарту деңгейіне және жоспарланған пайдалану мерзіміне қатысты, байланыстарды ауыстыру немесе нығайту, сондай-ақ қосымша байланыстар мен конструкцияларды (үстеме жолақ, қаттылық қабырғалары) орнату жолымен қалпына келтіру көзделеді.

19. Корпусты жаңарту туралы куәлік, сондай-ақ жаңғырту және/немесе нәтижесінде кеме корпусы У0, У1 немесе У2 жаңарту деңгейіне қатысты осы нұсқаудың талаптарын қанағаттандыратындай басқа жұмыс түрлерін орындалған жағдайда ресімделеді.

20. Техникалық флот корпусын жаңарту жобасы:

1) таңдалған жаңарту деңгейі үшін корпус элементтерінің ең аз қажетті қалыңдығын анықтау ;

2) таңдалған жаңарту деңгейі үшін жиынтық белдемдерінің ең аз қажетті сипаттамаларын анықтау ;

3) Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің міндетін атқарушысының 2011 жылғы 21 сәуірдегі № 216 бұйрығымен бекітілген Пайдаланымдағы кемелерді куәландыру қағидасының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6991 тіркелген) (бұдан әрі - ПҚКҚ) және осы Қағиданың талаптарын қанағаттандырмайтын корпус конструкциясының элементтерін нығайту немесе ауыстыруға арналған техникалық құжаттамалардан тұруы тиіс .

21. Корпус ақауын анықтау жаңартылған жер снарядының техникалық жағдайын анықтау, жөндеу әдістерін негіздеу және көлемін белгілеу мақсатында, корпустың шекті ақауын анықтау, параметрлерін өлшеу мен бағалауды қамтиды.

22. Корпус ақауын анықтау корпус жаңарту ниеті туралы өтінім бергенге дейін, кемінде 1 жылдан асырмай Кеме қатынасы тіркеліміне ақпарат ұсына отырып жүргізіледі .

23. Ақау анықтау көлемі жаңартылатын кеме корпусының техникалық жай-күйіне байланысты белгіленеді, бірақ ПҚКҚ 25-қосымшасында жазылған кезекті куәландыру алдындағы ақау анықтау көлемінен кем болмауы тиіс.

24. Жаңартуға жататын, пайдалану мерзімдері бірдей бір үлгідегі кемелер тобы болған кезде, кемең сыртқы қаптамасы жобалық қалыңдығының нақты тозуын белгілеу әрбір кеме үшін жүргізілуі тиіс.

25. Жаңартылған корпустың сыртқы қаптамасының, палуба және екінші түп

төсемінің, ішкі борттар, бойлық және көлденең аралықтардың, флорлар мен кильсондардың түпаралық кеңістігіндегі ең аз қажетті қалыңдықтары мынадай формула бойынша анықталады:

$$t_{\text{мн}} = [t_{\text{осм}}]_{\text{min}} + c(1 + 2V)(T_{y_0(y_1)(y_2)} - 5) \quad (1)$$

мұндағы $[t_{\text{осм}}]_{\text{min}}$ - қарастырылатын конструктивтік элементтің ең аз шекті қалыңдығы, мм;

c - ұсынылатын есептік тозу жылдамдығы, мм/жыл;

c мағыналары былай қабылдануы керек:

түптік қаптама үшін $-c = 0,1$;

борттың сыртқы қаптамасы үшін $-c = 0,07$;

қарпығыш кемелердің түптік қаптамасы үшін $-c = 0,06$;

қарпығыш кемелер бортының сыртқы қаптамасы үшін $-c = 0,04$.

c орнына кемелердің нақты серияларының іс жүзінде тозу жылдамдықтарын немесе борташа статистикалық тозу жылдамдығын пайдалану Кеме қатынасы тіркелімінің арнайы қарауындағы нәрсе болып табылады;

V - вариация коэффициенті: $V = \sigma_c / \bar{c}$; V мағынасы былай қабылдануы керек:

түптік қаптама үшін $-V = 0,4$;

барлық қалған конструкциялар үшін $V = 0,5$.

V мәні статистикалық мәліметтер жиналу шамасына қарай анықталатын болады;

σ_c - тозу жылдамдығының стандарты, мм/жыл;

$T_{y_0(y_1)(y_2)}$ - жаңарту деңгейіне байланысты (Y_0 үшін – кемінде 20 жыл, Y_1 үшін – кемінде 15 жыл, Y_2 үшін – кемінде 10 жыл) қабылданатын, жаңарту жүргізілгеннен кейін жоспарланатын қызмет ету мерзімі.

26. Тесіктер, сорғыш жалғауларды күшейту жерлеріндегі сыртқы қаптама қалыңдығы, сондай-ақ қарпығыш мұнара тірегі мен рама көтергіш мұнара тіректері астынан өтетін жерлердегі палуба төсемінің қалыңдығы, сыртқы қаптаманың немесе палуба төсемінің қалыңдығына қатысты Dt , мм шамаға артық болуы тиіс:

$$\Delta t = t_{\text{МУ}}^{\text{ПР}} - t_{\text{Н}}^{\text{ПР}}, \quad (2)$$

$t_{\text{МУ}}^{\text{ПР}}$ - тесіктерді, сорғыш жалғауларды күшейту жерлеріндегі сыртқы қаптама қалыңдығы, сондай-ақ қарпығыш мұнара тірегі мен рама көтергіш мұнара тіректері астынан өтетін жерлердегі палуба төсемінің жобалау қалыңдығы, мм;

$t_{\text{Н}}^{\text{ПР}}$ - сыртқы қаптама немесе палуба төсемінің жобалау қалыңдығы, мм.

27. Жалғанған белбеуі бар жинақ белдемдерінің ең аз қажетті кедергі сәті кемінде мынадай болуы қажет, м³:

$$W = m_{y_0(y_1)(y_2)} * W_{\text{пр}}, \quad (3)$$

мұндағы $m_{y_0(y_1)(y_2)}$ – нормативтік тозу коэффициенті (осы Қағиданың 30-тармағы)

;

$W_{\text{пр}}$ – кеме сыныбына байланысты Кеме қатынасы тіркелімінің Қағидасымен регламенттелген жинақ белдемдерінің көлбеу қимасының кедергі сәті, м³.

28. Жаңарту (Y_0 , Y_1 немесе Y_2) деңгейіне байланысты нормативтік тозу коэффициентінің $m_{y_0(y_1)(y_2)}$ мағынасы былай қабылданады:

1) машина бөлімшесіндегі комингстің бойлық бос белдемдері, палубасы, түбі, екінші түбі төсеміне (екінші түбі болғанда), рама жинағы ширстрегі мен бойлық белдемдеріне:

$m_{y_0} = 0,90$; $m_{y_1} = 0,85$; $m_{y_2} = 0,80$ кеме менің орталық бөлігінде;

$m_{y_0} = 0,85$; $m_{y_1} = 0,80$; $m_{y_2} = 0,75$ кеме шеттерінде;

2) көлбеу жиынтық белдемдеріне (сыртқы және ішкі борттардың бос және рамалық шпангоуттары) аралықтардың бос және рама жиынтығы;

$m_{y_0} = 0,90$; $m_{(y_1)} = 0,85$; $m_{(y_2)} = 0,80$ кеме ұзындығының кез келген учаскесіне;

3) басқа жиынтық белдемдеріне

$m_{y_0} = 0,80$; $m_{(y_1)} = 0,70$; $m_{(y_2)} = 0,65$ кеме ұзындығының кез келген учаскесінде.

29. Жиынтық белдемдерін есептеулермен негіздеп нығайтқан жағдайда, нормативтік тозу коэффициентінің шамасы төмен болуы мүмкін, бірақ Y_0 және Y_1 жаңарту деңгейлері үшін, олардың шамасы осы Қағиданың 28-тармағының 1) тармақшасында аталған белдемдерге - 060 (0,70), 28-тармақтың 2), 3) тармақшаларында аталған (жақшада келтірілген мағына М-СП сыныпты кемелерге арналған) белдемдерге қатысты - 0,50 (0,60) кем болмауы тиіс.

30. Осы Қағиданың 28-тармағындағы шарт орындалмаған жағдайда, Кеме қатынасының тіркелімі корпус жаңартудың мақсатқа сай екендігі туралы мәселені қарауы мүмкін, егер;

белбеуі жалғанбаған, жиынтық белдемдердің жекелеген көлбеу қимасының ең аз қажетті ауданы $f_{\text{МН}}$, мынадан кем болмайтындай болып, қамтамасыз етілуі мүмкін, м²:

$$f_{\text{МН}} = m_{y_0(y_1)(y_2)} * f_{\text{СТР}}^{\text{пр}}, \quad (4)$$

және/немесе жөндеуден кейін жиынтық белдем элементтерінің ең аз қажетті қалыңдығы, кемінде мынадай болады, м:

$$t_{\text{МН}} = m_{y_0(y_1)(y_2)} * t_{\text{СТР}}^{\text{пр}}, \quad (5)$$

мұндағы $f_{\text{СТР}}^{\text{пр}}$ - кеме сыныбына байланысты Кеме қатынасы тіркелімінің

Қағидасымен регламенттелген белдемнің көлденең қимасының ауданы, м². Егер белдемнің көлденең қимасының ауданы Кеме қатынасының тіркелімі Қағидаларында

регламенттелмеген жағдайда, $f_{\text{ПР}}^{\text{СТР}}$ ретінде белдемнің көлденең қимасының жобалау а у д а н ы қ а б ы л д а н а д ы .

$t_{\text{ПР}}^{\text{СТР}}$ - жиынтық белдем элементін жобалау қалыңдығы, м.

31. Таңдап алынған жаңарту деңгейі (У0, У1 немесе У2) үшін ПҚКҚ 26-қосымшасына сәйкес жаңартылған корпустың есептік көлденең қимасының жалпы нақты беріктілігін тексеру орындалуы тиіс.

Бұл ретте, беріктілік қоры нормативтік коэффициентінің мәні осы Қағиданың 6-қосымшасына сәйкес қабылдануы тиіс.

32. Егер жаңарту жобасын ескере отырып корпус байланыстарының нақты геометриялық өлшемі үшін ІСЖКЖҚ-ның 340-тармағының талабы орындалса, ұзындығы кемінде 50 м кемелерге жалпы шекті беріктілік жүргізілмейді.

3. Техникалық флоттың кеме техникалық құралдарын, технологиялық жабдықтарын және машиналық үй-жайдың жабдығын жаңарту тәртібі

33. Кемені жаңарту бойынша жұмыстар құрамындағы техникалық құралдарды немесе өзге құралдарды немесе машиналық үй-жайдың жабдығын жөндеу немесе ауыстыру туралы шешім Кеме қатынасы тіркелімінің келісімі бойынша қабылданады. Бұл ретте, барлық техникалық құралдардың, технологиялық жабдықтауға жататын барлық бұйымдардың және машиналық үй-жайдағы жабдықтардың техникалық жай-күйі қаралады және жаңартылған кеме үшін техникалық жай-күйінің жарамдылығы аса маңызды болатын жаңартудың объект топтары бөлінеді. Объектіні таңдау кезінде, көрсетілгендерден басқа, мыналар ескеріледі:

- 1) объектінің бүкіл пайдаланылған мерзімдегі жұмысы;
- 2) объект шығынға жазылғанға дейін, әзірлеуші-ұйымның оған белгіленген ресурсы ;
- 3) кеме қазандары, ауа сақтағыштар, құбырлар және тағы басқалардың тозғаны жөнінде жанама куәландыратын, кеме жасы;
- 4) объект ақауын анықтау нәтижелері.

34. Жөндеуге жататын техникалық құралдардың және/немесе бөліктерінің ақауын анықтау көлемі, кезекті куәландыру алдында тиісті техникалық құралдардың ақау анықтау көлемінен кем болмауы тиіс.

35. Жөндеуге жататын техникалық құралдардың және/немесе бөліктерінің ақауын анықтау көлемі барлық бөлшектердің техникалық жай-күйін анықтау үшін жеткілікті б о л у ы т и і с .

36. Техникалық құралдарды, технологиялық жабдықтарды және машиналық үй-жайдың жабдығын жаңарту жобасында мыналар болады:

- 1) жаңартылатын объектілердің немесе олардың бөліктерінің, осы Қағиданың 35-

тармағына сәйкес ақауын анықтау нәтижелерін ескере отырып, жөндеу немесе ауыстыру қажеттігін негіздеу және ауыстырылмайтын арматура жабдығы мен құбырлардың қалған қорын болжау;

2) жаңа тағандар, басқару, қорғау және сигнал беру (қажет болғанда) аппаратураларын әзірлеу мен орнату құжаттамаларын қоса алғанда, бүкіл ауыстырылатын жабдықты құрастыруға арналған техникалық құжаттамалар;

3) Кеме қатынасы тіркелімінің келісімі бойынша қолданыстағы нормативтік құқықтық актілерге сәйкес техникалық құралдардың, жабдықтардың, құрылғылар мен жүйелердің ауыстырылмайтын бөлшектерін қалпына келтіру жөніндегі техникалық талаптар.

37. Жаңартуға таңдалған объектілерге қатысты таңдалған жаңарту деңгейіне байланысты осы Қағиданың 7-8-қосымшаларында келтірілген нұсқауларға сәйкес жұмыстар орындалады.

38. Айқындаған кездегі жөндеуді (ауыстыруды) қажет етпейтін ақаулық және бөліктер мен бөлшектердің тозу мәні осы Қағиданың 9-қосымшасында келтірілген.

39. Техникалық құралдарды, жабдықтар мен машиналық үй-жай жүйелерін монтаждау немесе жөндеуден кейін, оларды Кеме қатынасының тіркелімі Қағидалары талаптарына және/немесе жаңарту жобасы сызбаларының техникалық талаптарына сәйкес, соның ішінде гидравликалық сынақтан өткізеді.

40. Кеме корпусындағы қозғалтқыштарды жөндеуге Кеме қатынасы тіркелімінің келісімі болған кезде ғана рұқсат етіледі.

41. Кеме қатынасы тіркелімінің бақылауымен жүргізілген монтаждау жұмыстары аяқталғаннан кейін, Кеме қатынасы тіркелімі қызметкеріне ұйымдағы техникалық бақылау органының орындалған жұмыстарға актілері, қолданылған материалдарға, ауыстырылған бөлшектерге, жинақтамаларға сертификаттары (басқа құжаттар), сондай-ақ басқа да қажетті құжаттары: сызбалар, сипаттаулар, сұлбалар, нобайлар немесе паспорттар, қызмет көрсету нұсқаулары ұсынылады.

42. Кемедегі барлық монтаждау, жөндеу және жаңғырту жұмыстары аяқталғаннан кейін, кеме швартовты, жүзу (өздігінен жүретіндер үшін) және Кеме қатынасы тіркелімінің бақылауымен өткізілетін өндірістік сынақтарға ұсынылуы тиіс. Сынақтар, Кеме қатынасы тіркелімінің келісімімен жаңарту жобасы құрамында әзірленген бағдарламалар және әдістемелерге сәйкес жүргізіледі. Сынақтар нәтижелері тиісті сынақтар хаттамалары түрінде ресімделеді.

43. Техникалық құралдарды және машиналық үй-жайдың жабдығын жаңартудың ақырғы кезеңінде Кеме қатынасы тіркелімінің қызметкері осы Қағиданың 16-тармағында аталған құжаттарды ресімдейді.

4. Техникалық флоттың электр жабдығын жаңарту тәртібі

44. Электр жабдығының құрамына кіретін қандай да болмасын бұйымдарды жаңарту туралы шешім, Кеме қатынасы тіркелімінің келісімі бойынша қабылданады. Жаңарту объектісін таңдау осы Қағиданың 34-тармағына ұқсас жүзеге асырылады.

45. Жаңартылған кемелерді радионавигациялық жабдықтармен жинақтау Кеме қатынасы тіркелімінің Қағидасына сәйкес жүзеге асырылады.

46. Электр жабдығында ақау анықтауды ПККҚ-ның 29-қосымшасында көрсетілген к ө л е м д е жү р г і з у к е р е к .

47. Кабель желілерінде ақау анықтау кезінде жүргізіледі:

1) кабельдерді ұзына бойы сыртынан қарау;

2) үшкірлеу және маркалау жағдайын тексеру;

3) корпус пен талшық аралығындағы, сондай-ақ әрбір талшық аралығындағы о қ ш а у л а у к е д е р г і с і н ө л ш е у ;

4) механикалық бүліну, жылулық ескіру, оқшаулардың дымқылдануын анықтауға мүмкіндік беретін қазіргі замандағы диагностика құралдарын қолдану арқылы кабель оқшауларының жағдайын тексеру, сондай-ақ резеңке қабықтардың серпінді-өзгеру және серпінді-созылмалы өзгеру қасиеттерін анықтау жолымен жанама белгілер бойынша кабельдерді бұдан былай пайдалану мүмкіндігі туралы қорытынды жасау;

5) жабдыққа кабель енгізу тығыздамаларын толтыруды, аралық тығыздамалық нығыздауды, кабель қораптары мен келте құбырлар нығыздауларының тұтастығын және герметикалығын тексеру;

6) бекіту қапсырмаларының (қапсырма-көпір, салпыншақ, перфожолақ) және қорғау конструкцияларының (құбыр, науа, қорап) жағдайына сыртқы қарау жүргізіледі.

48. Электр жабдығын жаңарту жобасы:

1) кемеңің бүкіл жұмыс режимін қамтамасыз етуге арналған жүктемені реттеу кестесін және электр станциясының қажетті қуат есебін, сондай-ақ ауыстыруға жататын генераторлар саны мен қуатын негіздеу, кабельдер тізбесін;

2) басқару, қорғау және сигнал беру аппаратурасын орнату құжаттамасын қоса алғанда, толық ауыстырылатын электр жабдығын құрастыруға техникалық құ ж а т т а м а л а р д ы ;

3) қолданыстағы нормативтік құжаттарға сәйкес электр жабдығының ауыстырылмайтын элементтерін жөндеу бойынша техникалық талаптарды қамтуы тиіс.

49. Кемеде жаңартудың таңдалған деңгейіне байланысты, осы Қағиданың 10 - қосымшасында баяндалған нұсқауларға сәйкес жұмыстар орындалады.

50. Мамандандырылған цехтарда жөндеуден өткен электр машиналары, арнайы с т е н д і д е с ы н а л а д ы .

51. ПККҚ-ның 428-тармағының 7) тармақшасына сәйкес ең жоғары және жылу қорғау, қысқа тұйықталу тоғынан қорғау автоматтары сынақтан өткізіледі.

52. Кемеде монтаждау жұмыстарын бақылау, электр жабдығын іс жүзінде сынақтан өткізу, осы Қағиданың 42, 43-тармақтарының нұсқауларына сәйкес жүзеге асырылады.

53. Электр жабдығын жаңартуды аяқтау кезеңінде Кеме қатынасы тіркелімі осы Қағиданың 18-тармағында аталған құжаттарды ресімдейді.

Техникалық флот кемелерін жаңарту
жөніндегі қағидаға

1-қосымша

Нысан

Техникалық флот кемесінің элементтерін жаңарту ниеті туралы өтінім

Кеме иесі _____
Кеменің аты немесе нөмірі _____
Тіркелу нөмірі _____
Кеменің негізгі техникалық деректері
Жалпы мәліметтер
Құрылыстық № _____ Сыныбы _____
Жасалған жері мен жылы _____
Түрі мен міндеті _____
Жобаның авторы мен нөмірі _____
Өнімділігі _____
Корпусы
Негізгі өлшемдері, м: КВЛ бойынша ұзындығы ____; КВЛ бойынша ені ____;
Борттың биіктігі _____
Корпустың материалы _____
Жиынтық жүйесі _____
Машиналық үй-жайдың екінші түбі _____
Негізгі қозғалтқыштар/дизель - генераторлар
Саны, маркасы _____
Қуаты, айналу жиілігі _____
Дайындаушы - ұйым _____
Жасалған жылы _____; кемеге орнатылған жылы _____ жұмыс көлемі _____ әрбір
қозғалтқышқа жасалған негізгі жөндеудің саны _____; Әрбір қозғалтқыштың негізгі
жөндеуден кейінгі жұмыс көлемі _____
Қосымша дизель – генераторлар
Саны, маркасы _____
Қуаты, айналу жиілігі _____
Дайындаушы ұйым _____
Жасалған жылы _____; кемеге орнатылған жылы _____ жұмыс көлемі _____

Жаңарту жобасының авторы мен нөмірі _____
Жаңартылған жері мен жылы _____
Жаңартылған кемеңіз үлгісі мен міндеті _____
Жаңартылған кемеңіз сыныбы _____
Тіркеу порты _____

Осымен, кеме электр жабдықтарының конструкциясы, құрамы, жинақтылығы, орналасуы, орнатылуы, техникалық сипаттамалары және техникалық жай-күйі Кеме қатынасының тіркелімінің Қағидасына және техникалық флот кемелерін жаңарту жөніндегі қағиданың талаптарына сәйкес келетіні расталады.

Корпусты жаңарту кезіндегі істелген жұмыс көлемі және сынақ нәтижесі 20__ жылғы «__» _____ № _____ кезектен тыс / алғашқы куәландыру Актісінде жазылған.

Жаңартылған корпустың техникалық жағдайы оның ерекше жағдайларда кем дегенде __ жыл пайдалану мүмкіндігін қамтамасыз етеді.

Осы Куәлік Жүзуге жарамдылығы жөніндегі куәлікке № _____ қоса берілді.
«Кеме қатынасының тіркелімі» ММ қызметкері _____

_____ «__» _____ 20__ жыл
(қолы) (тегі, а.э.а.)

м.о.

Т е х н и к а л ы қ ф л о т к е м е л е р і н
ж а ң а р т у ж ө н і н д е г і қ а ғ и д а ғ а
3-қосымша
Нысан

Қазақстан Республикасы

Көлік және коммуникация министрлігі

Көлік және қатынас жолдары комитетінің

«Кеме қатынасының тіркелімі» мемлекеттік мекемесі

Техникалық флот кемесінің механизмдері мен
жабдықтарын жаңарту туралы
КУӘЛІК

Жаңарту деңгейі У _____

Кемеңіз аты немесе нөмірі _____ Тіркелу № _____

Жаңартуға дейінгі түрі және міндеті _____

Кеме жобасының авторы мен нөмірі _____

Жасалған жері мен жылы _____

Жаңарту жобасының авторы мен нөмірі _____
Жаңартылған жері мен жылы _____
Жаңартылған кемеңіз үлгісі мен міндеті _____
Жаңартылған кемеңіз сыныбы _____
Тіркеу порты _____

Осымен, кеме электр жабдықтарының құрылымы, құрамы, жинақтылығы, орналасуы, орнатылуы, техникалық сипаттамалары және техникалық жағдайы Кеме қатынасы тіркелімінің Қағидасы және Техникалық флот кемелерін жаңарту жөніндегі қағиданың талаптарына сәйкес келетіні расталады.

Механизмдер мен жабдықтарды жаңарту кезіндегі істелген жұмыс көлемі және сынақ нәтижесі 20__ жылғы «_____» _____ № _____ кезектен тыс / алғашқы куәландыру Актісінде жазылған.

Жаңартылған механизмдер мен жабдықтардың техникалық күйі оның ерекше жағдайларда кем дегенде _____ жыл пайдалану мүмкіндігін қамтамасыз етеді.

Осы Куәлік Жүзуге жарамдылығы жөніндегі куәлікке № _____ қоса берілді.
«Кеме қатынасының тіркелімі» ММ қызметкері _____
_____ «_____» _____ 20__ жыл
(қолы) (тегі, а.э.а.)

м.о.

Т е х н и к а л ы қ ф л о т к е м е л е р і н
ж а ң а р т у ж ө н і н д е г і қ а ғ и д а ғ а
4-қосымша
Нысан

Қазақстан Республикасы

Көлік және коммуникация министрлігі

Көлік және қатынас жолдары комитетінің

«Кеме қатынасының тіркелімі» мемлекеттік мекемесі

Кемеңіз электр жабдықтарын жаңарту туралы
КУӘЛІК

Жаңарту деңгейі У _____

Кемеңіз аты немесе нөмірі _____ Тіркелу № _____
Жаңартуға дейінгі түрі және міндеті _____
Кеме жобасының авторы мен нөмірі _____
Жасалған жері мен жылы _____
Жаңарту жобасының авторы мен нөмірі _____

Жаңартылған жері мен жылы _____
Жаңартылған кемеңіз үлгісі мен міндеті _____
Жаңартылған кемеңіз сыныбы _____
Тіркеу порты _____

Осымен, кеме электр жабдықтарының құрылымы, құрамы, жинақтылығы, орналасуы, орнатылуы, техникалық сипаттамалары және техникалық жағдайы Кеме қатынасы тіркелімінің Қағидасы және Техникалық флот кемелерін жаңарту жөніндегі қағиданың талаптарына сәйкес келетіні расталады.

Механизмдер мен жабдықтарды жаңарту кезіндегі істелген жұмыс көлемі және сынақ нәтижесі 20__ жылғы «_____» _____ № _____ кезектен тыс / алғашқы куәландыру Актісінде жазылған.

Жаңартылған механизмдер мен жабдықтардың техникалық күйі оның ерекше жағдайларда кем дегенде _____ жыл пайдалану мүмкіндігін қамтамасыз етеді.

Осы Куәлік Жүзуге жарамдылығы жөніндегі куәлікке № _____ қоса берілді.
«Кеме қатынасының тіркелімі» ММ қызметкері _____
_____ «_____» _____ 20__ жыл
(қолы) (тегі, а.ә.а.)

м.о.

Техникалық флот кемелерін
жаңарту жөніндегі қағидаға

5-қосымша

Нысан

Қазақстан Республикасы

Көлік және коммуникация министрлігі

Көлік және қатынас жолдары комитетінің

«Кеме қатынасының тіркелімі» мемлекеттік мекемесі

Техникалық флот кемесінің жаңартылғаны туралы
куәлік

Жаңарту деңгейі У _____

Кемеңіз аты немесе нөмірі _____ Тіркелу № _____

Жаңартуға дейінгі түрі және міндеті _____

Кеме жобасының авторы мен нөмірі _____

Жасалған жері мен жылы _____

Жаңарту жобасының авторы мен нөмірі _____

Жаңартылған жері мен жылы _____

Жаңартылған кемеңің үлгісі мен міндеті _____

Жаңартылған кемеңің сыныбы _____

Тіркеу порты _____

Осымен, кеме механизмдері мен жабдықтары, құрамы, жинақтылығы, орналасуы, орнатылуы, техникалық сипаттамалары және техникалық жағдайы Кеме қатынасы тіркелімінің Қағидасының және Техникалық флот кемелерін жаңарту жөніндегі қағида талаптарына сәйкес келетіні расталады.

Механизмдер мен жабдықтарды жаңарту кезіндегі істелген жұмыс көлемі және сынақ нәтижесі 20__ жылғы «_____» _____ № _____ кезектен тыс / алғашқы куәландыру актісінде жазылған.

Жаңартылған кемеңің механизмдер мен жабдықтарының техникалық жағдайы оның ерекше жағдайларда кем дегенде _____ жыл пайдалану мүмкіндігін қамтамасыз етеді.

Кемеге жүзуге жарамдылығы жөніндегі куәлікке № _____ қоса берілген жаңа Сыныптамалық куәлік беріледі.

Осы Куәлік Жүзуге жарамдылығы жөніндегі куәлікке № _____ қоса берілді.

«Кеме қатынасының тіркелімі» ММ қызметкері _____

_____ «_____» _____ 20__ жыл

(қолы) (тегі, а.ә.а.)

М.О.

Т е х н и к а л ы қ

ф л о т

к е м е л е р і н

ж а ң а р т у

ж ө н і н д е г і

қ а ғ и д а ғ а

б-қосымша

Беріктілік қоры коэффициентінің шекті сәтінің шамасы, кжар

		Артық жүктеу шарттары	
Жаңарту деңгейі		Палубаға көлденең жүктеме жоқ, бұл ретте кеме түбіндегі кернеудің шекті шамасы $ \sigma_{д.пр} \leq 0,9 R_{eH}$	Палубаға көлденең жүктеме жоқ, бұл ретте $0,9 R_{eH} \leq \sigma_{д.пр} \leq R_{eH}$
«Л», «Ө» , «Т» және « О-ПР» сыныпты кемелер үшін	У0	1,31	$1,2 \sigma_{д.пр} $ [-----]+ R_{eH} 0,23
	У1	1,28	$0,9 \sigma_{д.пр} $ [-----]+ R_{eH} 0,46
	У2	1,24	$0,6 \sigma_{д.пр} $ [-----]+ R_{eH} 0,69

